

2011 жылға интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғалары үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 маусымдағы N 16/03 қаулысы. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 19 шілдеде N 8-11-120 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-б) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғаларын жұмысқа қабылдау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғаларын жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде квотасы белгіленсін.

2. "Бұқар жырау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемеге жұмыс орындарына берілген квотаға интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған тұлғаларының жұмысқа орналасуына ықпал жасасын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов